

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервистік қызмет көрсету жөніндегі "Қазагрожөнмаш-холдинг" акционерлік холдингітік компаниясын құру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 9 қараша 1992 ж. N 942. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.09.29. N 964 қаулысымен.

Қазақ ССР-інің "Мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру туралы" Заңын жүзеге асыру және Ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және сервистік қызмет көрсету жөніндегі Қазақ мемлекеттік концерні (Қазагрожөнмаш) кәсіпорындарының нарықтық қатынастарға енуіне жағдай жасау мақсатында Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазагрожөнмаш" концернінің кәсіпорындары мен ұйымдары еңбек коллективтерінің бастамасы және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1992 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша аталған концерннің құрамына кіретін осы кәсіпорындар мен ұйымдар негізінде ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервистік қызмет көрсету жөніндегі "Қазагрожөнмаш-холдинг"* акционерлік холдингітік компаниясын (мемлекеттердің қатысуымен) құру туралы шешімі мақұлданын. <*> Бұдан әрі текст бойынша "Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясы.

Облыстардың әкімдері "Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясын дамытуға жәрдем көрсететін болсын.

2. "Қазагрожөнмаш-холдингітің" негізгі міндеті - машиналар мен жабдықтар шығаруды, колхоздарға, совхоздарға, агроөнеркәсіптік кешеннің ұқсатушы және басқа кәсіпорындары мен ұйымдарына, фермерлік, шаруа қожалықтарына арналған ауыл шаруашылық техникаларын жөндеу мен сервистік қызмет көрсетуді дамытуды қамтамасыз ету болып табылады.

3. "Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясы "Қазагрожөнмаш" концернінің заңды мұрагері болып табылады, оның дербес балансы болады және Қазақстан Республикасының заңы мен өз Жарғысына сәйкес іс-әрекет етеді.

"Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясының атқарушы аппараты таратылған "Қазагрожөнмаш" концернінің алаңына мына мекен-жай бойынша: Алматы қаласы, Ленин даңғылы, 38 үйде орналасады.

4. "Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясының президенті холдинг қатысушыларының жалпы жиналысының келісімі бойынша Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті тағайындайды және ол лауазымы

бойынша басқарма мүшесі болып табылады.

5. "Қазагрожөнмаш-холдинг" компаниясының президенті мен вице-президенттеріне Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының тиісті қызметкерлері үшін белгіленген тұрмыстық, көліктік және медициналық қызмет көрсету жағдайы сақталсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК